




КЕТЕ

Әлімұлы ұрпағында Кете руы бар. Бұл ру туралы алғашқы мәліметтер XII ғасырға қатысты, онда қидандарға бағынышты, 1120 жылы бекзадалары ЕлюйДаши қоластына жиналып, содан соң қараханидтерге қарсы жорыққа қатысқан 18 тайпа арасында кити (hiti) тайпасы айтылады. Біршама кейініректе, Мүбәрәкшах тізімінде келтірілген тайпалар арасынан біз хита тайпасын көреміз, ол назіргі кетелердің атабабасы болуы мүмкін. Кете руы туралы келесі ретте Кіші жүз руларының 1748 жылы А. Тевкелев жасаған тізімінде айтылады. Кете руының этникалық тегін айта келгенде, бұл мәселеде бір пікір жоқ екенін көрсету қажет, Г. ГруммГржимайло олардың тегі аралас, динлиндер мен түріктердің, угрофиндердің (остяктардың) және алтайлықтардың буданы деп санаған. Мүбәрәкшах оларды түріктерге жатқызады. Бізге ертедегі кете (hiti) тайпасы негізінде түріктер болған тәрізді.

Рудың таңба белгілеріне зерттеушілер назар аудармаған: ол Левшинде де, Гродековта да, Тынышбаевта да жоқ. «Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдарда» ғана ру тармағы қаракетенің  таңбасы келтірілген. Ел арасынан жинаған мәліметтер кете руының таңбасын анықтауға мүмкіндік берді. Ол мынадай белгі  . Егер бұл белгілі ру тармағы қаракетснің екітшіті  белгісімен салыстырсақ, біз олардың бірдей және тек түрліше орналасқан айқыш сызықты таңба екенін көреміз.